

Сүлейменов П.М.
**Қазақстандағы діни
сананың эволюциясы**

Мақалада біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі діни сана мәселесі қарастырылады. Діни сана ол қоғамдық сананың бір бөлшегін құрайды және оның бастамасы тұлғаралық қарым-қатынастан басталуы туралы пікір айтылады. Дүниетаным мен сенім тұлғаның ішкі рухани өмірінің негізін құрайды және адамның сыртқы мінез-құлқысынан айқындалады. Дінде адамның тұлғалық дамуы мен бағыттылығын айқындайтын сенім болады. Қазақ халқының Тәңірге, Ұмайға сенімі, ата-бабаның аруақтарына сиыну, шаман дінінде бақсылық түрлер және ислам діні кең тарауы қазақ халқының мәдениетінің, діни дүниетанымының және психологиялық ерекшеліктерін білдіреді. Мақалада адам іс-әрекетіне талдау жасауды адамның сенімінен бастау қажет екені айтылады. Сол ежелден келе жатқан наным-сенімдер осы күнге дейін сақталып, қазақ халқы өз этностық өзгешелігін жоғалтпаған. Сондықтан, қазақ қоғамындағы діни санасының қалыптасуымен даму ерекшеліктерін қазіргі таңда терең және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: Алла, «құдай», (тәңірі), ұмай, шамандық, ата-баба аруағына сиыну, атеист, бақсылық, этнос, ислам. т.б.

Suleimenov P.M.
**Evolution of religious
conscious IN Kazakhstan**

The problems of the religious consciousness considered in the article as from times before our era before present-day time. The religious consciousness is part of public consciousness and there is opinions that it rises the interpersonal communication. The worldview and faith forms the base to internal spiritual life to personalities and is defined by external nature of the person. A finder of the larval development and directivities is in the religions faith. The Faith in the Tengri and Umay, worship spirit their own limit, development of the Islam and shamanism defines the particularities of the culture, religious of worldview and psychological distinctive quality of kazakh folk. In article is spoken about that analysis of the behavior of the person follows to begin from his faith.

The beliefs ed with old times before our days, have not lost its unique. So presently it is necessary deeply and all round research shaping and particularities of the development of the religious consciousness in kazakh society.

Key words: Holy, Goad shamanism, to believe in spirit of ancestors, atheist, fortun-teller, ethnos, Islam.

Сүлейменов П.М.
**Эволюция религиозного
сознания в Казахстане**

В статье рассматриваются проблемы религиозного сознания начиная с времен до нашей эры до сегодняшнего времени. Религиозное сознание является частью общественного сознания, и есть мнения, что оно берет начало с межличностной коммуникации. Мировоззрение и вера составляют основу внутренней духовной жизни личности и определяются внешним характером человека. В религии вера является определителем личностного развития и направленности. Вера в Тенгри и Умай, поклонение духам своих предков, развитие ислама и шаманизма определяют особенности культуры, религиозного мировоззрения и психологического своеобразия казахского народа. В статье говорится о том, что анализ поведения человека следует начинать с его веры. Убеждения, сохранившиеся с давних времен до наших дней, не потеряли своей уникальности. Поэтому сейчас нужно глубоко и всесторонне исследовать формирование и особенности развития религиозного сознания в казахском обществе.

Ключевые слова: Аллах, «бог», (тенгри), Умай, шаманизм, поклонение духам предков, атеист, этнос, ислам и т.д.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ САНАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Діни сана – белгілі бір діни идеялар мен құндылықтарға қатыстылық, сонымен қатар белгілі бір дін және діни топ құрамында болу. Адамда діни сана өмірдің әртүрлі кезеңдерінде және әртүрлі жағдайларда қалыптасады. Ол адамның діни қарым-қатынастар жүйесіне қосылуы және діни идеялар мен құндылықтарды қабылдауы арқылы жүреді. Негізінен діни сана отбасында, қоршаған ортаның, діни тәлімгерлер мен уағыздаушылардың ықпалымен қалыптасады. Кейде адамдар ішкі толғаныстың және одан кейін болған психологиялық таңдаудың нәтижесінде діндар болады. Мұнда көп нәрсе тұлғаның жеке ерекшеліктеріне байланысты. Діншілдікке ие болу және оны ұстау үрдісі діни тәжірибе деп аталады. Адам мен топтың діни тәжірибесі оның дүниеге көзқарасын, мысалы, мұсылман не христиан болудың мәні туралы, біреудің басқалардан қандай айырмашылығы бар екені туралы түсініктерді қалыптастырады. Халықтың діни бірыңғайлығының қалыптасуына оның географиялық орны, жазуы, тұрмыстық түсініктері әсер етеді. Мысал: түркілердің санасы үшін шежіре мен жеті ата маңызды болды, Ата-баба аруақтарын қадірлеу салты оларды өз шежіресін, жеті атаға дейінгі аталардың ерліктерін білуді міндеттеді. Әр ер адам өзінің іс-әрекеттерін жеті ұрпақтың бағалайтынын түсінді. Ата-бабаға табыну және Тәңірге деген сенім түркілерді ерлік жасауға ұмтылдырды, адамгершілік тазалықты міндеттеді. Қазақи сананы толеранттық, шыдамдылық, ұрпақтар сабақтастығымен байланыстырады. Қазақ санасының ашықтығы мен ымырашылдығы Қазақстандағы дәстүрлі емес діндердің кең таралуы мен теңдігінен байқалады. Қазақ санасында этникалық пен конфессионалдық арасында қатаң байланыс жоқ. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзін исламмен байланыстырмайды. Журналистің діндарсыз ба деген сұрағына Н.Ә. Назарбаев: «Мен өзімнің коммунистік өткенімді жоққа шығармаймын, сондықтан бұл сұраққа жауап беру мен үшін қиын... Пасха кезінде мен православтық шіркеуге, Рамазанда – мұсылмандық мешітке барамын... Құдайдың – біреу, ал адамдар оған әртүрлі жолмен барады деп ойлаймын», – деп жауап берді [1].

Профессор А.Г.Косиченко қазақстандық діни сана туралы келесідей жазады: «Діни сана Қазақстандағы діни жағдайды

субъективті жағынан – оның діншіл де, діншіл емес те қазақстандықтардың санасында қалай көрініс табатынын көрсететін кешенді және интегративті көрсеткіш болып табылады. ҚР халқының діни санасының құрылымы қиын: діншілдердің бір бөлігі Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын дінді ұстанады, ал екінші (анағұрлым аз) бөлігі жаңа діни қозғалыстардың ұстанушысы болып келеді. Дінге қатысты халықтың енжар бөлігі, сонымен қатар өздерін атеисттер деп анықтайтын қоғамның едәуір үлкен бөлігі бар. Атеистік және діни көзқарасты ұстанушылар болып табылатын Қазақстан халқының бұл сегменттері жиынтығында діни сананың феноменін құрайды» [2]. Қазіргі заманғы қазақи діни сананың бір элементі «қазақ – демек мұсылман» деген стереотип болып табылады, яғни ұлт діни қатыстылықтың белгілеріне ие бола бастады. Қазақстанда дін этникалық және мәдени нышан ретінде көрініс табады. Өзін мұсылман деп санай отырып, қазақтар исламды ата-бабаларының діни деп мойындайды. Бірақ қайда барарын, ары қарай не істерін білмейтіндер үшін ислам тарихи-рухани мұрадан гөрі, эскапизм болып табылады. «Исламды қабылдаған басқа халықтар сияқты, қазақтарда да ислам пайда болғанға дейін қалыптасқан дәстүрлі діни нанымдармен тығыз байланысты. Көшпелі қазақтардың көзқарастары жеткілікті дәрежеде үйлесімді және оны ұстанушылардың барлық қажеттіліктеріне жауап береді, ол адамның ғарышқа, табиғатқа, басқа адамдарға қатыстылығын бекітеді. Көшпелі қазақтар әрқашан өздері тұратын ортамен үйлесім заңдары бойынша өмір сүрген. Олардың дәстүрлі діни кешені жердегі болмыстың әлемдік, ғарыштық өріспен өзара байланысы туралы түсініктерге арқа сүйеген. Көшпендінің санасында табиғат құбылыстарында адамға әсер ететін, оның тағдырына оң не теріс ықпалын беретін мәңгілік, түсіндіруге келмейтін құдіретті күш бар деген түсінік болды [3,15 б.]. Қазақтардың қазіргі діни санасы сыртқы жағдайлардың, тіпті күштеудің нәтижесінде қалыптасты. Белгілі философ, профессор, протоқазақтардың философиясы бойынша маман М.С. Орынбеков: «Қазақстанның байырғы тұрғындары үшін, барлық ежелгі түркілер сияқты тарихи алғашқы діни ағым болып тәңірлік дін табылды... Түркілер дүниетанымының ерекшелігі Аспанды құдай деп тану болды, түркілер оған ең жоғарғы құдіретті күш ретінде қарады, одан жоғары еш нәрсе жоқ деп санады, сондықтан таудың шыңын Хан-Тәңірі деп атады... Көшпенді түркілер мен

малшылар өмірінің ерекшелігі үнемі аспанды, өз құдайларын бақылаудан көрінеді, ол жерде дұрыс бағдар ұстауға мүмкіндік берді. Аспан күмбезін үнемі бақылаудың арқасында дала тұрғындары көші-қон үшін ең қолайлы бағдарларды жасай алды. Аспан жұлдыздарының орналасуын білу оларға болмыс көзқарасынан қарауға себепкер болды. Көк Тәңірі – бір мезгілде құдай да, шынайылық та, бірліктегі нышан... Тәңірлік шын мәнінде монотеистік наным болды, онда жоғарғы құдай біреу, ал қалғандары оған қызмет етумен айналысады. Осы негізде діннің тотемистік, шамандық және тәңірлік деңгейлері бөлінді, тәңірлік деңгейде тотемдік түсініктің шаманизмге өтуі байқалады. Осы деңгейлерге байланысты, Тәңірге бәсекелес жағдайына түсетін құдайлардың негізгі әйел бейнелері – Жер-Су және Ұмай-анамен күрделі эволюция орын алды», – деп жазған [4,11б.]. Бақсылық – қазақтардың діни салтындағы исламға дейінгі кезеңнен қалған ең көрнекті құбылыстардың бірі. Бақсылық – әртүрлі халықтардағы рулық құрылысқа тән анимистік нанымдар мен сенімдердің кең жүйесі. Олардың ортақ белгілері ата-бабаларға табынудың болуы, сонымен қатар ерекше, экстатикалық күйге түсе алатын және ұстанушылардың түсінігі бойынша, осы күйде о дүниемен байланыс орнататын бақсылардың салт-жораларды орындауы болып табылады.

Қазақтардың діни санасының ары қарай дамуы діни конформизм ұғымымен байланысты. Ресейлік дінтанушы, дін әлеуметтанушысы И.Н. Яблоков діни конформизм туралы былай деп жазады: «Діни конформизм топтық ықпалдың әсерінен пайда болады; сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Сыртқы конформизм кезінде индивид өзінің нанымдары мен мақсаттарын «жасырады» да, ықпал жоғалған кезде оларға қайта ие болады. Ішкі конформизм сырттан міндеттелген көзқарас, догматтар, құндылықтар, ойлар, канондар, нормалар топтық ықпал ету аяқталғаннан кейін де адам үшін бағдардың қайнар көзі болуын тоқтатпайды. Стимул ретінде діни құлақ салу, оңашалану қорқынышы, діни ұйымда барынша жоғары мәртебеге ие болуды тілеу және т.б. орын алады [5,125 с.]. Қазақстандағы ислам, сөз жоқ, конформизммен байланысты. «Қазақтардың барлығы мұсылман» деп өзін мұсылмандармен ұқсататын қазақтың кейбіреулері мүлдем құдайға сенбеуі мүмкін. Қоғамдағы үстемдікке ие дінге қатысты конформизм болмаса, мұндай өзіндік идентификациялау ешқандай мағынаға ие болмауы мүмкін. Өзін мұсылман деп атайтындардың көпшілігі

исламның салт-жораларын, мейрамдарын және парыздарын орындамайды. Жалғыз кеңінен тараған, орындалатын салт-жоралғы – сүндетке отырғызу. Мұндай діндарлық туралы Абай Құнанбаев: «Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, бітім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді» дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?» – деп жазады [6].

А.Г. Косиченко тәжірибемен шұғылданбайтын діндарлар туралы: «Діни сана жалған болуы мүмкін. Адамдар көбінесе өз саналарында өздерін олай деуге негіздері аз бола тұра діндар деп санайды. Осылайша феномені әлі де жеткілікті зерттелмеген алдамшы діни орта қалыптасады. Жалған діндар адамдар Қазақстанның тұрақтылығына белгілі бір қауіп төндіреді. Біріншіден, мұндай органның болуы діндарлар санын аса көтеріп жібереді, ал бұл діни саясат саласында дұрыс стратегияны жасауға мүмкіндік бермейді. Екіншіден, жалған діндар адамдар діни білімнің таяз болуы және саналарында ұстап тұрушы діни факторлардың болмауы себепті шын діндарлармен салыстырғанда, дін атынан наразылық жасауға көбірек дайын болады. Үшіншіден, олар діни құндылықтарды салыстырмалы (өздерінің бұрмаланған діни түсініктеріне сай) етіп, дінді бұзады. Осы себептерге байланысты мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды дамыту механизмдерін жасау кезінде жалған дін феноменіне аса назар аудару керек» – деп жазған.

Бірақ исламның Қазақстан аумағына күштеу жолымен енгенін де ұмытпау қажет. М.С. Орынбаевов жазғандай: «Араб әскербасының әскері исламды қазақ даласына найзаның ұшында алып келді» [7]. Ислам мәдениетінің қазақ халқының дініне, саясатына, мәдениетіне, тілдік және әлеуметтік қатынастарына үлкен әсер еткенін айта кету жөн. Бүгінде күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын көп сөздер қазақ тіліне араб тілінен енген. Мысал ретінде: мектеп, адам, дәптер, қалам, мәдениет, сабыр, нұр, иман, сағат, қуат және т.б. көптеген сөздерді келтіруге болады. Ислам мәдениетінің әсері

қазақтардың қазіргі күнгі күнделікті өмірлерінде де байқалады. Көптеген қазақ ер-азаматтары амандасқан кезде «Ассаламуғалейкум» дейді, ол араб тілінен аударғанда «Аллахтан саған береке» дегенді білдіреді. Бүкіл әлемдегі мұсылмандар бір-бірімен осылай амандасады.

Қазақ халқының діни жағдайын қазақ ғалымы, тарихшы және этнограф Шоқан Уәлиханов зерттеді. 1822 жылдан бастап қазақ даласына патша билігінің келуімен исламның мықтап орнығуы, жоғары білімді Ш. Уәлиханов үшін өрескел болды. Ол бұл туралы өзінің көптеген еңбектері мен зерттеулерінде шебер жазады. Өз халқының рухани көзқарасын зерттей отырып, Ш. Уәлиханов өз заманындағы қазақтардың бақсылықты көбірек ұстанатынын, мұсылмандыққа қарағанда, бақсылық салттарды көбірек орындайтыны туралы жазады. Ш. Уәлихановтың осындай қорытындылары оның «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» атты мақаласында көрініс тапты, онда ол: «Қырғыздар – мұсылмандар, бірақ олар шамандық рәсімдерді ұстанатыны не мұсылмандық салтты шамандық сеніммен араластыратыны туралы барлық жазушылар жазады және барлық дерлік географиялық нұсқаулықтарда осылай жазылады. Қырғыздарда ол мұсылмандық нанымдармен араласып, мұсылмандық деп аталатын бір сенімді құрады, бірақ олар, Аллаға және сол мезгілде онгондарға (аруақтарға) сенген, мұсылман әулиелер зираттарында құрбандық шалды, шамандарға сенді және мұсылмандық қожаларды құрметтеді. Отқа табынды, ал шамандар онгондарға (аруақтарға) бірге мұсылмандық періштелерді шақырып, Аллахты ұлықтаған. Мұндай жағдай исламның орыс өркениетімен бірге біздің далаға енген уақытына дейін жалғасты, әрі бірбеткей татарлармен тәрбиеленген сауатты балалар ата-бабаларының әдет-ғұрыптарына теріс бұрылып, байқаған жерлерінен оларға тыйым салып, қудалады. Бірақ, дегенмен, шамандық сенімнің негіздері мұсылмандық бірқұдайлылықпен шайқалған болатын».

Патша үкіметімен өткізілген қазақтарды мұсылмандандыру большевиктердің билікке келуімен тоқтатылды. XX ғасырда кеңес билігінің орнатылуымен қазақ халқын ислам мен араб жазуынан қол үздіруге бағытталған мақсатты жұмыс жүргізіле бастады. Мұсылмандардың діни белсенділігі тұншықтырылды. 1920-1930 жылдарда көптеген мешіттер жабылды. Дін үшін оңай емес уақытта көптеген мұсылмандар жасырын түрде намаз оқып, ораза ұстауды жалғастырды, ифтар өткізді.

Қазан революциясы исламның негіздерін айтарлықтай бұзды. Қазақтардың өзгерген өмір сүру салты діни әдет-ғұрыптардың жойылуына және қазақ халқының көпшілігінде атеистік көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. КСРО ыдырауының басталған кезеңінде Қазақстан Орта Азиядағы ең «зайырлы» мемлекеттердің бірі болды. Исламның «тұрмыстық» нысанда болуы, тұрғындардың көп бөлігі қазақтар болып табылатын, республиканың оңтүстік аудандарында байқалды. Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы діншілдік деңгейі, жергілікті қазақтар өте тығыз байланыс жасаған, орыстілді халықтардың деңгейімен бірдей болды. Қазақтар мен орыстардың көпшілігі, басқа азаматтар сияқты кеңестік атеизмді ұстанды. М.С. Горбачевтің либералды реформаларының барысында және 1991 ж. КСРО-ның құлауынан кейін қазақтар арасында протестанттар мен мұсылмандар белсенді миссионерлік жұмыс жүргізе бастады. Бұған қоғамда қалыптасып жатқан психологиялық ахуал да жағдай жасады. Өз балаларына тиянақты діни білім бергісі келгендер, оның ішінде балаларын шетелде оқытуға дайын адамдардың саны көбейді. Бұл адамдар идеологиялық және саяси бағыттарын танып-білместен, түрлі шетелдік рухани орталықтармен әртүрлі байланысқа шықты.

Қазақтарға көптеген діни сәйкестік тән. Исламның тәңірлікпен, шамандықпен, аруақтар культімен діни синкретизм құбылысы кең тараған. О.Е. Жанайдаров: «Прототүркілік «Тәңір», парсылық «Құдай», арабтың «Аллах» сөздері әртүрлі тілдерде бір мағынаны білдіреді. Қазақтар өзінің табиғи қабілеттілігі себепті олардың үшеуін де қолданады, осылайша: «Тәңір жарылқасын!», «Құдай сақтасын!», «Алла-тағала байлық-береке берсін!» дейді. Аталған әр жағдайда жоғарғы құдай – аспан құдайы - Тәңір туралы айтылады. Мұсылмандықты қабылдағанына қарамастан, қазақтар өздерінің түп-тамырын, өздерінің негізгі діні – тәңірлікті ұмытқан жоқ». Халық мәдениетіндегі дәстүрлі діншілдік пен жаңадан қабылданған діншілдіктің бірігуі қоғам санасында, салттық тәжірибеде көрініс табады. Мысалы, үйлену той, жерлеу салттарына дәстүрлі тәңірлік дін мен шамандықтың көптеген элементтері енген. С.Орынбековтің синкретизмнің қазақтардың діни санасын қалыптастырудағы рөлі туралы керемет сөзі бар: «Протоқазақтардың діни көзқарасының синкретизмі - діни көзқарастардың керемет қоспасы болып табылады, оған өз кезегінде қазақтардың басқа халықтарға деген

толеранттығына айналған ашықтығы жағдай жасады [8,228 б.]. Ұлттық мәдениеттің, тілдің, біздің ұлттық болмысымыздың жоғалуына орыс тілде сөйлейтін қазақтарды жиі кінәлайды. Оларды «шалақазақтар» және өз тегін білмейтін мәнгүрттер деп атайды. Өкінішке орай, өзінің ұлттық санасын ұмытуға ұмтылушылық туған тілді еркін меңгерген мұсылман-қазақтардың арасында да байқалады. Мәселе исламның дінді ұстанушылар өмірінің барлық салаларын: өзін-өзі ұстауды, тойды қайда және қалай өткізуді, баланың есімін кім деп қоюды, нені қашан жеуге болатындығын реттейтіндігінде. Кез келген дін – халықтың тек рухани емес, материалдық мәдениетінің негізі. Дәл осы жерде «таза ислам» мен қазақ мәдениетінің қақтығысы, қарама-қайшылығы орын алады. Хиджаб, ниқаб, толарсаққа дейін шалбар кию – арабтардың киімдері мен ұлттық мәдениетін насихаттау. Жаппай исламға берілу, кеңестік режим сияқты, біздің мәдениетімізге де қолайсыз әсер етеді. Бұрындары, кеңестік режимде, қазақ мәдениетінің орыс тілді ортада ассимиляциялану қаупі болса, қазірде ислам қауымдастығына толықтай еніп кету қаупі төніп тұр.

XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов бізді осы туралы ескерткен болатын. Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және рухани қалыптасуы туралы алаңдаушылығы оның «Даладағы мұсылмандық» атты еңбегінде анық көрініс тапқан: «Мұсылмандық біздің қанымыз бен жанымызға әлі сіңіп үлгермеді. Ол болашақта халықтың бөліну қаупін тудырады. Қырғыздар арасында Мұхаммедтің атын да білмейтіндер көп, біздің шамандар даланың көп жерлерінде өз мәнін жоғалтпаған. Ресейдегі әулие Нестор кезіндегідей біздің далада қазір қос дін кезеңі орын алып тұр. Біздің кітаптар ежелгі Русь кітаптарындай өз көнелігін өзі кудалап келеді. Татар молдаларының, ортаазиялық ишандар мен жаңа ілім прозелиттерінің ықпалынан біздің халық барған сайын жалпымұсылмандық бейнені иеленіп барады. Діндар қырғыздар Меккеге баруды бастады; біздің баяндар ұлттық қиссалардың орнына халықтық өлеңдерге салынған мұсылмандық апокрифтерді айтып жүр.»[9,71 б.]

Қазақстан Республикасында кейбір дерек көздерінің мәліметтері бойынша қазіргі таңда мемлекет ішінде саны 495 адам болатын 24 радикалды сәләфистік джамааттар бар көрінеді. Сәләфия – ислам дамуының әртүрлі кезеңдерінде ерте мұсылмандық қауымның өмір салты мен сенімдеріне бейімделуге шақырумен

айналысқан мұсылмандық діни қайраткерлерді біріктіретін исламдағы бағыт [10]. Сәләфиттер барлық мұсылмандар Алла алдында тең, ал қазақтардың «жергілікті» исламы қатты өзгеріске ұшыраған деген тезисті алға тартып, ұлттық, өзіндік нәрселердің барлығын жоюға шақырады. Олар арабтардың әдет-ғұрыптарын, олардың заң деңгейі - шариғатқа шығарылған көзқарастарын ұстануды зорлап міндеттейді, бөтен тұрмыс пен мәдениетті орнатады. Қазақ мәдениетін жоққа шығаратын ислам қазақ ұлтының ежелгі дәстүрлі діні деп атала алмайды. Бұл жас адамдар Қазақстан мұсылмандарының ресми дінінен теріс айналды, өйткені ол мұсылмандар өз кезегінде, сәләфиттердің ойы бойынша, Қазақстандағы мұсылмандар құқығын шектеген биліктен бас тартпады. Олардың көбісі ашықтан-ашық: мен Аллаға сенемін, бірақ мешіттердің имамдарына сенбеймін дейді.

Қазақстанда ұлттық дін жоқ. Плюралистік қазақстандық қоғамда діни идентифика-

ция мен діншілдікте өзіндік таңдау элементі бар. Исламның қазақтың діни санасындағы басымдығы дінге сенушілердің сапалық және сандық құрамына байланысты. Қазірде Қазақстан мемлекет аумағынан кеткен немесе қазіргі шекараларының сыртында қалған этникалық қазақтарды репатриациялау саясатын жүргізіп жатыр. Соңғы 2 онжылдықтың өзінде ресми деректер бойынша Қазақстанға 1 миллионға жақын этникалық қазақтар көшіп келген. Оралмандардың көбісі исламды өз діні деп санайды. Бүгінде біздің халық таңдау алдында тұр: өз ұлылығымызды қайта жандандыру үшін қандай жолды таңдауымыз керек? Сондықтан барлығымыз мұқият болып, қазіргі күнге тарихи призмадан қарап, ойлануымыз, біздің өте ауыр жағдайда екенімізді түсініп, сезінуіміз қажет. Біз не өз ұлттық мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрлерімізді сақтап қаламыз, не өзіміздің ерекшелігімізді мәдениетінді жоғалтамыз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстанская Правда. – 24.10. 1995. – С. 2.
- 2 Косиченко А.Г. (статья опубликована в сборнике материалов научно-практической конференции «Состоявшийся Казахстан, устремленный в будущее, 10 декабря 2013 г.)
- 3 Кишибеков Д.К. Ментальная природа казаха. – Алматы, 2005. – С.172.
- 4 Орынбеков М. С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы, 2002. – 8 б.
- 5 Религиоведение. Энциклопедический словарь. – М.: Академический проект, 2006. – С.125.
- 6 Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы, 2007. – 248 б.
- 7 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2005. – С.17.
- 8 Сонда., Алматы, 2005. – 228 б.
- 9 Уалиханов Ш. 5- томдығы. Том 4 / Қазақ ССР Ғылым Академиясы. – Алматы, 1985. – 48 б.
- 10 Ибрагим, Т. К. Сагадеев А. В. ас-Салафия. // Ислам: энциклопедический словарь / отв. ред. С.М. Прозоров. – М.: Наука, 1991. – С. 204.

References

- 1 Kazahstanskaja Pravda. – 24.10. 1995. – S. 2.
- 2 Kosichenko A.G. (stat'ja opublikovana v sbornike materialov nauchno-prakticheskoi konferencii «Sostojavshijsja Kazahstan, ustremlyennyj v budushhee, 10 dekabrya 2013 g.)
- 3 Kishibekov D.K. Mental'naja priroda kazaha. – Almaty, 2005. – S.172.
- 4 Orynbekov M. S. Kazak senimderinin bastaulary. – Almaty, 2002. – 8 b.
- 5 Religiovedenie. Jenciklopedicheskij slovar'. – M.: Akademicheskij proekt, 2006. – S.125.
- 6 Abaj Kunanbaev. Olender, poemalar, audarmalar, kara sozder. – Almaty, 2007. – 248 b.
- 7 Orynbekov M.S. Genезis religioznosti v Kazahstane. – Almaty, 2005. – S.17.
- 8 Sonda., Almaty, 2005. – 228 b.
- 9 Ualihanov Sh. 5- tomdygy. Tom 4 / Kazak SSR Gylym Akademijasy. – Almaty, 1985. – 48 b.
- 10 Ibragim, T. K. Sagadeev A. V. as-Salafija. // Islam: jenciklopedicheskij slovar' / отв. red. S.M. Prozorov. – M.: Nauka, 1991. – S. 204.